

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 2 (2022)

ПАВЛОДАР

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/UMYC5887>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*
Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Жуматаева Е.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Абибулаева А. Б.	<i>д.п.н., профессор</i>
Мирза Н. В.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Фоминых Н. Ю.,	<i>д.п.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Снопкова Е. И.,	<i>к.п.н., доцент (Беларусь)</i>
Кудышева А. А.,	<i>к.п.н., ассоц. профессор</i>
Оспанова Н. Н.,	<i>к.п.н., доцент</i>
Оралканова И. А.,	<i>PhD доктор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/VLSF2472>

***А. А. Тауменбаева¹, М. Ж. Муслимова², Б. Т. Абыканова³**

¹Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

²«Тұран-Астана» университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.;

³Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті,
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ОТБАСЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ

Мақалада қазіргі қоғамдағы отбасы мәселесі қозғалған. Отбасындағы туындаған қиындықтар мен проблемалар жасөспірімнің тұлғалық қалыптасуына, эмоционалдық игілігіне қаншалықты ықпал ететіндігіне ерекше назар аударылған. Мақалада Қазақстандағы тәуелсіз зерттеу ұйымының 2018 жылғы жүргізген зерттеуіне, «Қазақстан жастары 2019» Ұлттық баяндамасы мен Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қарастырылған бала тәрбиесі мәселесіне шолу жасалынған.

Жалпы бала тәрбиесінде отбасы маңызды орынға ие. Отбасында қалыптасқан қарым-қатынас, өзара сыйластық, отбасылық ұстанымдар т.б. баланың бойындағы негізгі қасиет ретінде қалыптасады. Сонымен қатар отбасындағы ата-ананың жұмысбастылығы, бала тәрбиесіне жете көңіл бөлмейтіндігімен қатар қоғамда ажырасу жиілігі нәтижесінде балалар жалғыз басты ана қамқорлығында болуы, толық емес отбасында тәрбиеленуі баланың жасөспірімдік кезеңдегі көптеген қиындықтарға кез болатындығының бірден бір факторы ретінде қарастырылған. Баланың өскен ортасы оның тұлғалық қалыптасуымен қатар, эмоционалдық игілігіне де ықпал етеді. Мақалада эмоция, психофизиологиялық негізі мен жағымды, жағымсыз әсері зерделенеді.

Мақалада жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайына отбасының ықпалын зерттеу мақсатында жүргізілген сауалнама мен проективті әдістің нәтижесіне талдау жасалған. Зерттеу

проблемасы тұрғысынан жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайына отбасының ықпалы анықталып, қорытынды жасалған.

Кілтті сөздер: эмоция, эмоционалды жағдай, отбасы, жағымды эмоция, жағымсыз эмоция, отбасы құндылығы.

Кіріспе

Отбасы адамның тұлғалық дамып жетіліп, рухани құндылықтарының қалыптасуының негізін қалайтын әлеуметтік институт. Отбасында баланың әлем мен қоғам туралы алғашқы түсініктері қалыптасады және қалыптасқан түсінік оның кейінгі ересек өмірінің негізгі іргетасы болып табылады. Отбасында баланың өне бойына адами құндылықтар сіңіріледі. Сондықтан, отбасындағы мінез-құлық үлгісі, адами қасиеттер, қалыптасқан қарым-қатынасы ерекшеліктері баланың тұлғалық қалыптасуының басты құралы. Демек, бала тәрбиесінде ата-ананың адами-тұлғалық қасиеттері балаға негізгі өнеге болатындығын назарда ұстау маңызды. Бала – ата-ананың айнадағы қатесіз көшірмесі екендігі дау тудырмайды.

Қазіргі таңда технологияның қарыштап дамуымен қатар, еліміздегі пандемия жағдайына байланысты оқушылардың қашықтан оқуға ауысуы оқушылардың смартфонға тәуелділігін әрі қарай шиеленістірді. Бала білмейтінін ата-анадан сұрағаннан гөрі «Ютуб», «Гугл» т.б. сұрауға басымдық береді, білмейтінінің жауабын ата-анасымен әңгімелесу барысында емес, интернет көзінен іздейді. Жасөспірімдер отбасында ата-анасымен, достарымен шынайы қарым-қатынастарды әлеуметтік желіге, ғаламтордағы «бейтаныс» таныстарымен қарым-қатынасқа ауыстырғаны мәлім жағдай. Ал, ғаламтор желісінде, әлеуметтік желіде өртүрлі агрессорлар жасөспірім психикасына, оның эмоционалдық жағдайына кері әсерін тигізетінін барлық ақпарат көздерінде, ғалымдардың зерттеулерінде кеңінен талқыланып жүрген өзекті мәселелердің бірі. Себебі, ғаламтор желісіндегі «бейтаныс» таныстармен жасөспірім қарым-қатынас жасай отырып, өзінің қауіпсіздігі туралы мүлдем естен шығарып алуы, тіпті олардан сақтану қажеттігін білмеуі де мүмкін.

Сол себепті де, біз зерттеу жұмысымызда жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайына отбасының ықпалын қарастырамыз. Өйткені, отбасы бала тәрбиесіне, оның эмоционалдық жағдайына ықпал етуде бірден бір маңызды күшке ие. Отбасындағы өзара сенімге, сыйластыққа негізделген қарым-қатынас жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайының тұрақты қалыптасуына негіз болары сөзсіз.

Материалдар мен әдістер

Қазақстандағы тәуелсіз зерттеу ұйымының 2018 жылғы жүргізген зерттеуінің нәтижесі 2013-2018 жылдар арлығында ел бойынша некеге тұру көрсеткішінің 18% төмендегенін және 2000-2018 жылдар арасындағы ажырасулар саны екі есеге артқандығын көрсетеді [1]. Бұл дегеніміз қоғамда толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан балалар санының артқандығын, ата-ананың мейірімділігін толық сезінбей, жылу мен мейірімділікке деген қажеттілігі бар, эмоционалдық жай-күйі тұрақсыз өскелең ұрпақ өсіп келе жатқандығының бір дәлелі десек артық айтпаған болармыз.

«Қазақстан жастары 2019» Ұлттық баяндамасында Қазақстан жастарының құндылық бағдарын анықтауға қатысты жүргізілген зерттеу қорытындылары көрініс тапқан. Ұлттық баяндамада «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының жүргізген сауалнама нәтижесінде қазақстандық жастардың келесідей құндылықтары анықталған: отбасы құндылығы 80%, денсаулық 59,7 %, достар 30,7 %. Салауатты өмір салтын қолдайтын жастардың қатары 71,9 % құрайтындығы анықталған [2]. Бұл зерттеу қорытындылары негізінде қазақстандық жастарда «отбасы» құндылығының жоғары екендігін көрсетеді. Демек, отбасы құндылықтары арқылы жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайына оң ықпал етуге болатындығын байқадық.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әлеуметтанушылық зерттеу нәтижелерінде көрсетілген деректерге сәйкес ата-аналардың 62 % өз балаларымен бірге уақыт өткізуге назар аудармайтындықтарын, 43 % ата-ана өз балаларының проблемаларына мән бермейтіндіктерін, ал 50 % ата-ана деструктивті діни ағымдардан балаларын қорғау үшін кеңес алуды қажет ететіндіктерін, ал 70 % ата-ана балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді толық деңгейде білмейтіндігін және ол үшін арнайы қолдауды қажет ететіндігін көрсеткен [3]. Яғни, ата-аналардың бала тәрбиесімен айналысуға уақытының жетіспеушілігін және оған қажетті деңгейде назар аудармайтындығын да аңғаруға болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында да ұлттың болмысына баса назар аударған. Қасым-Жомарт Тоқаев жолдауда қазіргі таңда халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру қажеттігін және тұтас ұлт сапасын арттыру мәселесін қозғады [4]. Бұл тұрғыда жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайын жақсарту мәселесі де өзекті екендігін атауға болады. Себебі жағымды эмоциялар адамның ақыл-ойына оң ықпал етіп, өмірдегі дұрыс бағыттан дұрыс таңдау қабілетінің дамуына негіз болады.

Мэри Ламия «Эмоциялар!: өз сезімдерінді ұғыну» (Emotions! : making sense of your feelings) атты еңбегінде эмоциялар адам денесінде сезілгенімен оның бастауы адам миында екендігін атайды. Ми қоршаған ортада болып жатқан жағдайларға баға беріп, автоматты түрде оған эмоциялық жауап қайтару қабілетіне ие. Адам өмірінде жауап беруге тұрарлық көптеген стимулдар болады, дегенмен де біз барлық ақпаратқа назар аударма бермейміз, оны ми қызмет атқарады. Ми өзінің назар аударуға тұрарлық деп тапқан стимулдарына эмоция деңгейінде жауап қайтарады [5].

Эмоциялар тек денедегі сезімдер туындағанда ғана адамның ойына да ықпал ететіндігі туралы Keltner D., Lerner J. зерттеулерінде көруге болады. Олардың пікірлеріне сүйенсек түрлі эмоцияларды әсіресе қорқыныш, ашу эмоциялары орын алғанда адам әртүрлі жағымсыз ойларға шырмалып, мазасыздықты бастан кешіреді [6].

Д. Шунктың «Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі» еңбегінде адам эмоциясын түсіндіруге тырысатын көптеген теориялар бар екендігін көрсеткен. Олардың бірі мотивация жөніндегі көзқарастармен сәйкес келетін теориялардың бірі – жүйелер теориясы. Жүйелер теориясы бойынша эмоциялық көңіл күй бір-бірімен тығыз байланысты төрт кезеңге бөлінеді: бағыттаушы кешен, эмоциялық жағдаяттардың интеграциясы, жауап таңдау және тұрақты эмоциялық контекст [7].

Жалпы адамның эмоцияларын көптеген зерттеуші ғалымдар әр түрлі жіктейді. Осы тұста Пол Экманның 1992 жылы жариялаған зерттеулерінде адамның негізгі базалық эмоциялары ретінде 7 түрін ұсынады. Олар: қуаныш, тандану, қорқыныш, уайымдау, ашу, жиіркену және жек көру [8]. 1999 жылы Пол Экман өз зерттеулерінде базалық эмоциялар қатарын ұялу, кінәлілік сезімі, мақтану, қобалжу, ләззат алу, қанағаттану, жеңілдеу, ойнап – күлу немесе көңіл көтеру сынды эмоциялармен толықтырған [9].

А. Ш. Тәңірбергенова, Л. С. Құлжабаева ғылыми мақалаларында эмоционалдық жағдайдың өзгеруінің себеп салдарын когнитивті модель негізінде түсіндіреді. Яғни, жасөспірімнің эмоционалдық жағдайына автоматты дағдыланған ой ықпал ететіндігін айтады. Ал, автоматты дағдыланған ой - бала кезден бастау алып, ата-ананың балаға деген қатынасы, ата-ананың оған деген сенімі негізінде қалыптасады [10].

Зерттеу жұмысында жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайына отбасының ықпалын зерттеу мақсатында жасөспірімдерге арналған сауалнама жүргізілді. Сонымен қатар, А. Л. Венгердің «Отбасы суреті» проективті әдістемесі қолданылды. Бұл әдістеме зерттеуге қатысушы респонденттерден тікелей жауапты талап етпейді және жасөспірімдердің эмоционалды жағдайы туралы ауқымды ақпарат алуға мүмкіндік

береді. Сондықтан зерттеу барысында отбасының жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайына ықпалын анықтау үшін «Отбасы суреті» әдістемесі таңдалып алынды.

Нәтижелер және талқылау

Эксперимент жұмысына 47 респондент қатысты, қатысушылардың жас, гендерлік және отбасы құрамының ерекшеліктері 1-кестеде көрсетілді.

Кесте 1 – Экспериментке қатысушы респонденттердің құрамдық ерекшеліктері

Жас ерекшеліктері		Гендерлік ерекшеліктері		Отбасы құрамының ерекшеліктері		Эксперимент (ЭТ) және бақылау (БТ) тобы
13 жас	29 (61,7%)	Ер бала	21 (44,7%)	Толық отбасы	21 (44,7 %)	ЭТ-13 БТ - 8
12 жас	18 (38.3%)	Қыз бала	26 (55,3%)	Толық емес отбасы (жалғыз басты әкемен; жалғыз басты ана тәрбиесінде)	13 (27,6 %)	ЭТ-6 БТ - 7
				Аралас отбасы (өгей әкесі немесе анасы бар)	12 (25,5 %)	ЭТ-5 БТ - 7
				Жетім балалар (ата-әжесінің, басқада туыстарының қамқорлығында)	1 (2,2 %)	ЭТ-0 БТ - 1

Жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайына отбасының ықпалын анықтау мақсатында сауалнама әзірленді. Сауалнамада отбасындағы жасөспірімнің қажеттіліктері мен қызығушылықтарының қанағаттандырылуы т.б. мәселелерді анықтауға басымдылық берілді. Сауалнама барысында алынған мәліметтерді 2-кестеде көрсетілгендей бағытта топталып, талқыланды.

Кесте 2 – Жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайына ықпалын анықтау мақсатында әзірленген сауалнама нәтижесі

№	Сауалнама бойынша алынған жауаптардың топталуы	Эксперимент тобы (24 респондент)		Бақылау тобы (23 респондент)	
		Саны	Пайыздық көрсеткіші	Саны	Пайыздық көрсеткіші
1	Отбасында өзінің қажеттіліктері мен қызығушылықтарына мән берілетінін, қажет болғанда басымдық берілетінін сезінетіндер (толыққандылық сезімі)	6	25 %	7	30,3 %
2	Отбасында, ата-анасы тарапынан түсінбеушілікті сезінетіндер(түсінбеушілік)	2	8,25 %	3	13,2 %
3	Анасы, әкесі қажеттіліктері мен қызығушылықтарына назар аудармайды деп санайтындар (назар тапшылығы)		-	2	8,7 %
4	Анасы өгей әкесінің қызығушылығын менен (жасөспірімнен) жоғары қояды деп санайтындар (шектелілу сезімі)	2	8,25 %	2	8,7 %
5	Отбасында өзін әрдайым «басқа» адамдай сезінетіндер (оқшаулық сезімі)	2	8,3 %	2	8,7 %
6	Отбасының шектен тыс қамқорлығын сезінетіндер (шамадан тыс қамқорлық)	4	16,7 %	2	8,7 %
7	Отбасының (жекелеген жағдайда анасының немесе әкесінің) қамқорлығын жеткілікті сезінетіндігін білдіргендер (Қамқорлық пен жылылықтың жеткіліктілігі)	8	33,6 %	5	21,7 %

Диаграмма 1 – Отбасының жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайына ықпалын анықтауға әзірленген сауалнама нәтижесі



Сауалнамамен қатар А. Л. Венгердің «Отбасы суреті» проективті әдістемесі жүргізілді. Жасөспірімдердің салған суреттеріне талдау жасауда келесі мәселелерге назар аударылды:

- Суретте ата-ананың (өгей әке/ана) болуы және сурет бетінде болуы;
- Жасөспірім бейнесінің отбасы мүшелерінің арасындағы орны мен өз фигурасының салыну ерекшелігі;
- Суреттегі бейнелелердің салынуы мен боялу ерекшелігі.

Жасөспірімдердің салған суреттері бойынша талдау жасалды. Әдістеме нәтижесін талдауда толық, толық емес отбасы, аралас отбасы және ата-ана қамқорынсыз қалған отбасы деп бөлініп қаралды.

Кесте 3 – «Отбасы суреті» проективті әдістемесі бойынша салынған суретте толық, толық емес және аралас отбасы мүшелерінің (оның ішінде өгей әке/ана) болуына байланысты талдау қорытындысы

Суретте ата-ананың болуы, орналасуы	Эксперимент тобы			Бақылау тобы			
	Толық отбасы (13)	Толық емес отбасы (6)	Аралас отбасы (5)	Толық отбасы (8)	Толық емес отбасы (7)	Аралас отбасы (7)	Басқа отбасында тәрбиеленуші (жетім бала) (1)
Өгей /туған әкенің/ ананың суретте болмауы	2 (15,3%)	4 (66,7%)	3 (60%)	2 (25%)	3 (42,8%)	2 (28,5%)	-
Өмірден өткен (бірге тұрмайтын) ата-ананың суретте салынуы	-	3 (50%)	1 (20%)	-	6 (85,7%)	1 (14,2%)	1 (100%)
Ата - анасының бірінің ғана суретінің болуы	3 (23,1%)	5 (83,3%)	4 (80%)	3 (37,5%)	4 (57,1%)	3 (42,8%)	
Ата-ананың бір-біріне алшақ орналасуы	3 (23,1%)	5 (83,3%)	3 (60%)	3 (37,5%)	3 (42,8%)	3 (42,8%)	
Баланың ата-анадан бөлек, алшақ орналасуы	3 (23,1%)	5 (83,3%)	2 (40%)	3 (37,5%)	3 (42,8%)	3 (42,8%)	

Жалпы «Отбасы суреті» проективті әдістемесінде ата-ананың/өгей әкенің/ананың суретте салынбауы жасөспіріммен қарым-қатынасы барысында белгілі бір қиындықтардың бар екенін көрсетеді. «Отбасы суреті» проективті әдістемесі бойынша салынған суреттерді талқылай отырып жасөспірімнің өз бейнесін отбасы мүшелері арасында орналастыру ерекшелігіне сәйкес талдап, шамалас жауаптарды келесі 4-кестедегідей топтастырдық.

Кесте 4 – «Отбасы суреті» проективті әдістемесі бойынша салынған суретте жасөспірімнің өз бейнесін салу ерекшелігіне жасалған талдау қорытындысы

С у р е т т е г і жасөспірім бейнесі	Эксперимент тобы			Бақылау тобы			
	Толық отбасы (13)	Толық емес отбасы (6)	Аралас отбасы (5)	Толық отбасы (8)	Толық емес отбасы (7)	Аралас отбасы (7)	Басқа отбасында тәрбиеленуші (жетім бала) (1)
Өзін жеке салуы	2 (15,3%)	3 (50%)	3 (60%)	1 (12,5%)	3 (42,8%)	3 (42,8%)	1 (100%)
О т б а с ы мүшелерінен алшақ салынуы	-	3 (50%)	1 (20%)	-	2 (28,5%)	1 (14,2%)	
Өзін суретте салмауы	1 (7,7%)	1 (16,6%)	4 (80%)	1 (12,5%)	3 (42,8%)	3 (42,8%)	
Өзінің суретін қағаз шетінде басқалардан оқшаулап салуы	2(15,3%)	4 (66,7%)	3 (60%)	2 (25%)	3(42,8%)	4 (57,1%)	
Өзін ортада үлкейтіп, басқа отбасы мүшелерін, ата-анасы кейінгі п о з и ц и я ға орналастырып салуы	4 (30,7%)	2(33,4%)	2 (40%)	3 (37,5%)	4 (57,1%)	3 (42,8%)	

Жүргізілген зерттеу нәтижесін талдап, толық отбасындағы балаларға қарағанда толық емес және аралас отбасында тәрбиеленіп жатқан жасөспірімдер отбасы мүшелерінен өздерін алшақ сезінетіндігін, оқшаулануға бейім екендігін байқауға болады. Бірақ бұл толық отбасында тәрбиеленіп жатқан балалар оқшаулануға бейім емес дегенді білдірмейді.

Дегенмен де, жасөспірімдердің «Отбасы суреті» проективті әдістемесі нәтижесінде жасөспірім бойында түрлі эмоционалдық жағдайлардың орын алуына отбасы мүшелерінің арасындағы жақын қарым-қатынас пен отбасының толық, толық емес, аралас болуы да ықпал ететіндігіне көз жеткіздік, келесідей қорытындылар шығарылды:

- Толық емес, аралас отбасында тәрбиеленген жасөспірімдер толық отбасында тәрбиеленген жасөспірімдерге қарағанда жағымсыз эмоционалдық күйлер байқалды;

- Толық отбасында тәрбиеленгендер толық емес және аралас отбасында тәрбиеленген балаларға қарағанда отбасы мүшелерінің арасындағы жақындық, жылылықты байқауға болады;

- Толық емес, аралас отбасындағы балалардың өзін-өзі бағалауы толық отбасындағы балаларға қарағанда төменірек.

Толық емес, аралас отбасындағы балалар толық отбасында тәрбиеленген балаларға қарағанда өздерін оқшаулауға бейім екендігі байқалады.

Демек, отбасының жасөспірімдердің бойында жағымсыз эмоциялардың жиі орын алуы оның жағымсыз әрекеттерді жасауына негіз болады. Сондықтан да отбасы жасөспірімдердің эмоционалды жағдайының тұрақтылығына, әрі қарай қалыпты дамуына ықпал етеді. Отбасындағы қарым-қатынас, отбасы мүшелерінің татулығының айнасы жасөспірімнің эмоционалды жағдайы. Себебі, жасөспірімдер кейде эмоцияларын игере алмай, агрессияға жол беріп, көптеген келеңсіз жағдайларға орын беріп жатады.

Қорытынды

Адамның эмоционалды және мінез-құлық ерекшеліктерінің байқалуына оның өмірінде болып жатқан жағдайлар емес, сол жағдайларды адамның қалай қабылдағаны ықпал етеді. Болған жағдайларды қабылдау, ондағы эмоциялардың көрінісі қалыптасқан ойлай жүйесінің айқын көрінісі болады.

Ойымызды түйіндей келе, эмоциялар адам өмірінде ерекше орынға ие және адам табиғатының ерекше қыры деуге болады. Ал, эмоциялар жасөспірім өміріне жағымды ықпал етуін ойласақ, ең алдымен қарым-қатынастың дұрыс болуы маңызды. Бұл тұста біз әрине отбасының басымдылыққа ие екендігін білеміз. Сол себепті де жасөспірімдердің эмоционалды жағдайын зерттеуге бағытталған ғылыми зерттеу жұмысымызда отбасындағы ата-ананың, отбасы мүшелерінің басымдылығын және олармен қарым-қатынасқа ерекше назар аударуды қажет ететін мәселе деп түйіндейміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Социологическое исследование по изучению состояния репродуктивного здоровья подростков и молодых людей 15–19 лет, их сексуального поведения и доступа к услугам и информации в области охраны репродуктивного здоровья (Исследование проведено независимой исследовательской организацией - Центр изучения общественного мнения (ЦИОМ) по заказу Министерства здравоохранения РК и Фонда ООН в области народонаселения (ЮНФПА) при финансовой поддержке Посольства Нидерландов в Казахстане и технической поддержке Республиканского центра СПИД). – Алматы, 2018.

2 Ойшыбаев, К. Б., Қайдарова, А. С., Каримова, Ж. К., Әшімханова, Д. Ә., Батталова, Ж. С., Родионов, А. Н., Ким, Е. М., Жампеисов, Д. А., Шаповал, Ю. В., Касымбеков, А. М. «Қазақстан жастары – 2019» Ұлттық

баяндамасы. [Электронды ресурс]. – <https://clck.ru/WTnH8> (Сайттың қаралған күні 13.04.2021).

3 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ҚР Үкіметінің 27.12.2019 ж. № 988 қаулысы. [Электронды ресурс]. – <https://clck.ru/U7BVb> (Сайттың қаралған күні 05.04.2021).

4 Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 01.09.2020 ж. [Электронды ресурс]. – https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek (Сайттың қаралған күні 13.04.2021).

5 Мэри, Л. Эмоциялар: өз сезімдеріңді ұғыну [Мәтін]. – Астана : Bilim Foundation, 2018. – 138 б.

6 Keltner, D., Lerner, J. S. Emotion. Handbook of social psychology (5th ed.) [Text]. – New York, NY: McGraw Hill, 2010. – P. 317–352.

7 Шунк Дейл, Х. Оқыту теориясы. Білім беру көкжиегі [Мәтін]. – Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2018.

8 Ekman, P. Are there basic emotions? [Text] // Psychological Review. – 1992. – № 99(3). – P. 550–553.

9 Ekman, P. Basic emotions [Text] // Handbook of cognition and emotion (In T. Dalgleish & M. Power (Eds.). – New York : Wiley, 1999. – P. 45–60.

10 Құлжабаева, Л. С., Тәңірбергенова, А.Ш. Когнитивті модель негізінде мінез-құлық ауытқуларының себеп-салдарына шолу [Мәтін] // Вестник АПН Казахстана. – 2020. – № 4. – Б.112–117.

REFERENCES

1 Sotsiologicheskoe issledovanie po izucheniiy sostoiianiia reproduktivnogo zdorovia podrostkov i molodyh lyudei 15–19 let, ih seksualnogo povedeniia i dostupa k uslugam i informatsii v oblasti ohrany reproduktivnogo zdorovia [A sociological study on the state of reproductive health of adolescents and young people aged 15-19 years, their sexual behavior and access to services and information in the field of reproductive health]. (Issledovanie provedeno nezavisimoi issledovatel'skoi organizatsiei - Tsentr izucheniia obshchestvennogo mneniia (TSIOM) po zakazu Ministerstva zdравоохранeniia RK i Fonda OON v oblasti narodonaseleniia (IYNFPA) pri finansovoi podderjke Posolstva Niderlandov v Kazahstane i tehnicheckoi podderjke Respublikanskogo tsentra SPID). – Almaty, 2018.

2 Oishybaev, K. B., Kaidarova, A. S., Karimova, J. K., Ashimhanova, D. E., Battalova J. S., Rodionov A. N., Kim E. M., Jampeisov D. A., Shapoval Yu. V.,

Kasymbekov A. M. «Kazakstan jastary - 2019» Ulttyq baiandamasy. [National report. «Youth of Kazakhstan – 2019»]. [Electronic resource]. – <https://clck.ru/WTnH8> (Access date 13.04.2021).

3 Kazakstan Respublikasynda bilim berudi jane gylymdy damytudyn 2020 – 2025 jyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы KR Ukimetinın 27.12.2019, № 988 kaulysy [The State Programme for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2020 - 2025 Government Decree from 27.12.2019, № 988]. [Electronic resource]. – <https://clck.ru/U7BVb> (Access date 13.04.2021).

4 Jana jagdaidagy Kazakstan: is-qimyl kezeni. Memleket basshysy Kasym-Jomart Toqaeytn Kazaqstan halqyna Joldaуy [Kazakhstan in a New Reality: Time for Action. President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev's State of the Nation Address]. 01.09.2020. [Electronic resource]. – <https://clck.ru/WTOTj> (Access date 13.04.2021).

5 **Mary, L.** Emotions: making sense of your feelings [Text]. – Astana: Bilim Foundation, 2018. – 138 p.

6 **Keltner, D., Lerner, J.** Emotion. Handbook of social psychology (5th ed.) [Text]. – New York, NY : McGraw Hill, 2010. – P. 317–352.

7 **Schunk Dale, H.** Learning theories: An Educational Perspective [Text]. – Almaty : National Translation Bureau, 2018.

8 **Ekman, P.** Are there basic emotions? [Text] // Psychological Review. – 1992. – № 99(3). – P. 550–553.

9 **Ekman, P.** Basic emotions [Text] // Handbook of cognition and emotion (In T. Dalgleish & M. Power (Eds.). – New York : Wiley, 1999. – P. 45–60.

10 **Kuljabaeva L. S., Tanirbergenova A. Sh.** Kognitivti model negizinde minez-kulyq auytqalarynyn sebep-saldaryna sholu [Cognitive Model-Based Overview of Causes and Consequences of Behavioral Disorders] [Text] // Vestnik APN of Kazakstan, 2020. – № 4. – P. 112–117.

Материал 13.06.22 баспаға түсті.

**A. A. Таутибаева¹, М. Ж. Муслимова², Б. Т. Абыканова³*

¹Казахская национальная академия искусств имени Т. Жургенова, Республика Казахстан, г. Алматы;

²Университет «Туран-Астана», Республика Казахстан, г. Нур-Султан;

³Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

ВЛИЯНИЕ СЕМЬИ НА ЭМОЦИОНАЛЬНОЕ СОСТОЯНИЕ ПОДРОСТКОВ

В статье рассматривается проблема семьи в современном обществе. Особое внимание уделяется тому, насколько трудности и проблемы в семье влияют на личностное развитие и эмоциональное благополучие подростка. В статье рассматривается исследование, проведенное независимой исследовательской организацией в Казахстане в 2018 году, Национальный отчет «Молодежь Казахстана 2019» и Государственная программа развития образования и науки в Республике Казахстан на 2020–2025 годы.

Семья играет важную роль в воспитании детей в целом. Семейные отношения, взаимоуважение, семейные ценности и т. д. формируются как основной принцип у ребенка. Кроме того, занятость родителей в семье, невнимание к воспитанию детей, а также частота разводов в обществе, то обстоятельство, что дети находятся на попечении матери-одиночки, воспитываемой в одиночестве считается одним из факторов. Среда, в которой растет ребенок, влияет не только на его личное развитие, но и на его эмоциональное благополучие. В статье исследуются эмоциональные, психофизиологические основы, а также положительные и отрицательные эффекты.

В статье представлен анализ результатов проведенного опроса и проективного метода с целью изучения влияния семьи на эмоциональное состояние подростков. С точки зрения проблемы исследования установлено влияние семьи на эмоциональное состояние подростков и сделаны выводы.

Ключевые слова: эмоция, эмоциональное состояние, семья, положительные эмоции, отрицательные эмоции, ценности в семье.

*А. А. Tautenbayeva¹, М. Zh. Muslimova², В. Т. Abykanova³

¹Т. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

²University «Turan-Astana»,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan;

³Kh. Dosmuhamedov Atyrau University,
Republic of Kazakhstan, Atyrau.

Material received on 13.06.22.

INFLUENCE OF THE FAMILY ON THE EMOTIONAL STATE OF ADOLESCENTS

The article deals with the problem of the family in modern society. Particular attention is paid to the extent to which difficulties and problems in the family affect the personal development and emotional well-being of a teenager. The article examines a study conducted by an independent research organization in Kazakhstan in 2018, the National Report «Youth of Kazakhstan 2019» and the State Program for the Development of Education and Science in the Republic of Kazakhstan for 2020–2025.

The family plays an important role in the upbringing of children in general. Family relationships, mutual respect, family values, etc. are formed as a basic principle in a child. In addition, the employment of parents in the family, inattention to the upbringing of children, as well as the frequency of divorces in society, the fact that children are in the care of a single mother, brought up alone, parental family is considered one of the factors. The environment in which a child grows up affects not only his personal development, but also his emotional well-being. The article examines the emotional, psychophysiological foundations, as well as positive and negative effects.

The article presents an analysis of the results of the survey and the projective method in order to study the influence of family on the emotional state of adolescents. From the perspective of the research problem, the influence of the family on the emotional state of adolescents has been established and conclusions have been drawn.

Keywords: emotion, emotional state, family, positive emotions, negative emotions, family values.

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,65 Mb RAM

Шартты баспа табағы 25,55.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3936

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.

Электронное издание

5,65 Mb RAM

Усл.п.л. 25,55. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3936

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

vestnik-pedagogic.tou.edu.kz